

in close connection with linguistic, cultural, and social content. As a result, the place of knowledge in the national worldview and its representation in artistic literature is more deeply clarified.

Key words: knowledge, concept, linguocognitive analysis, literary text, artistic representation, national worldview, cultural values, frame, scene, script.

REFERENCES

- 1 Kaliyev, G. T. (2005). *Dictionary of linguistic terminology*. Almaty: Sozdik-Slovar. (in Kazakh)
- 2 Islam, A. (2004). *The linguistic image of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural analysis)* (Doctoral dissertation abstract). Almaty. (in Kazakh)
- 3 Javliyev, M. (2024). The importance of concept as an object of linguistic research. *World Bulletin of Social Sciences*, 35, 16–19.
- 4 Grishaeva, L. I. (2004). *Introduction to the theory of intercultural communication*. Voronezh: Voronezh State University. (in Russian)
- 5 Dzhambaeva, Zh. A. (2010). The concept of "state" in the linguistic consciousness of Turkic-speaking communities. *Molodoy Ucheniy*, (5(16)), 21–24. (in Russian)
- 6 Sternin, I. A. (2002). *Communicative and cognitive consciousness*. Moscow-Voronezh. (in Russian)
- 7 Minsky, M. (1993). Unified theories of cognition. *Artificial Intelligence*, 59(1-2), 1–72.
- 8 Musirepov, G. (1982). *Kazakh woman: Novel and stories*. Almaty: Zhalyn. (in Kazakh)
- 9 Van Dijk, T. (1989). *Language, cognition, communication*. Moscow. (in Russian)
- 10 József, A. (2010). Discussing frame semantics: The state of the art: An interview with Charles J. Fillmore. *Review of Cognitive Linguistics*, 8(1), 157–176.
- 11 Ivashkevich, I. (2015). Frame as representation of knowledge in the cognitive aspect. *Russian Journal of Linguistics*, 19(3), 77–81.
- 12 Auezov, M. (Ed.). (2014). *Complete collection of works in fifty volumes* (Vol. 2: Stories, studies, plays, 1921–1925). Almaty: Daur, Zhibek Zholy. (in Kazakh)
- 13 Amirbekova, A. B. (2006). *Peculiarities of verbalization in poetic texts of conceptual structures* (PhD dissertation). Almaty: Amanat-TT. (in Russian)
- 14 Sarypbekova, S. (2020). Frames and their translation in language pairs with different structures. *Bulletin of Kazakh University of Humanities and Technology*, 1(56), 54–58. (in Kazakh)
- 15 Boldyrev, N. N. (2004). Conceptual space of cognitive linguistics. *Questions of Cognitive Linguistics*, (1), 18–37. (in Russian)

Received: 28.12.2025

МРНТИ 17.81.31

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp96-110](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp96-110)

Г.Ж. Искакова¹, *Ә.М. Өскен¹, Т.Б. Жунусова¹, Ж.К. Жаналыкова¹

¹Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАНЫМДЫҚ КОМИКСКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ («КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде фольклорлық мұраны заманауи визуалды коммуникация тіліне көшірудің ғылыми-әдістемелік және лингво-филологиялық тетіктері зерделенеді. Мақалада Ювал Ноа Хараридің «Sapiens: A Graphic History» графикалық романындағы когнитивті адаптация принциптерін негізге ала отырып, қазақ халық ертегісінің визуалды-семантикалық деңгейде бейімделу мүмкіндіктеріне талдау жасалады. Жұмыс барысында лингвостилистикалық сараптама, контенттік талдау және

визуалды нарратив әдістері кешенді түрде пайдаланылып, «ауызша баяндау» жүйесін «графикалық мәтін» жүйесіне қайта кодтаудың заңдылықтары айқындалды.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ халық ертегілерінің көрнекті үлгісі – «Керқұла атты Кендебай» ертегісі алынып, оның комикс форматында бейімделу жолдары талданады. Жұмыста көркем мәтінді қысқарту, құрылымдау, диалогқа түсіру және визуализациялау үдерістері лингвистикалық, контенттік және визуалды нарративтік талдау әдістері негізінде сараланады. Зерттеу нәтижелері комикс форматындағы бейімделген мәтіндердің 5-сынып оқушыларының жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес келетінін, олардың сыни ойлауын, қиялын және оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Мақалада ұсынылған әдістемелік тұжырымдар қазақ тілін оқытуда көркем мәтінді заманауи форматта ұсынудың тиімді моделін қалыптастыруға негіз бола алады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ертегіні комикс форматына бейімдеу барысында «диалогтық функционализм» принципі негізінде синтаксистік құрылымдардың эллипсистенуі мен лексикалық «семантикалық ядроның» сақталуы арасындағы теңгерім орнықты. Мақалада кейіпкердің ішкі монологтарын берудің психо-визуалды тәсілдері, эпикалық гиперболаны уақыт шкаласы арқылы бейнелеу және этномәдени кодтарды визуалды метафораға айналдыру жолдары ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Кілт сөздер: графикалық нарратив, фольклорлық мәтін, Ю.Н. Харари принциптері, лингво-визуалды коммуникация, этно-визуалды код, диалогтық функционализм.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеу – мақсатты, деңгейлік және жүйелі үдеріс ретінде қарастырылады. Бұл трансформация кездейсоқ қысқарту немесе механикалық иллюстрациялау емес, керісінше, білім алушылардың жас ерекшелігіне, тілдік құзіреттілігіне (CEFR стандарты бойынша А1–В2 деңгейлері) және нақты оқу мақсаттарына сай жүзеге асатын коммуникацияның күрделі түрі болып табылады. Мұндай бейімдеуде түпнұсқалық мәтіннің сюжеттік өзегі, идеялық-мағыналық мазмұны мен тәрбиелік әлеуеті толық сақталуы қажет, ал вербалды және визуалды кодтардың интеграциясы оқырманның когнитивтік белсенділігін арттырып, мәтінді қабылдаудың тиімділігін жоғарылатады.

Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеу мәселесі визуалды лингвистика және бейімделген мәтін теориясының қиылысында зерттеледі. Халықаралық деңгейде бұл бағыттың негізін салған фундаменталды еңбектердің ішінде С. МакКлаудтың «Understanding Comics: The Invisible Art» (1993) атты монографиясы комикстің «көрінбейтін өнер» ретіндегі мәнін, панельдер арасындағы «gutter» механизмін және визуалды-вербалды синергияны теориялық тұрғыдан негіздейді [1]. Н. Конның «The Visual Language of Comics» (2013) еңбегі комикстің грамматикасын (баллондар, панельдер, визуалды синтаксис) лингвистикалық тұрғыдан қарастырып, бұл бейімдеу үдерісінде мәтіннің семантикалық тереңдігін сақтауға мүмкіндік береді [2].

Бейімдеудің практикалық және эмпирикалық аспектілеріне арналған зерттеулерде М. Расамиманана және т.б. eye-tracking әдісіне негізделген жұмыстары ерекше назар аудартады. 2025 жылы жарияланған «Is Comprehension in Comics More Effective Than in Traditional Texts in Skilled Adult Readers?» мақаласында (Cognitive Science) комикстің мәтіндік форматқа қарағанда жылдам қабылданатыны, суреттердің когнитивтік жүктемені азайтатыны әрі фиксациялардың қысқаруы арқылы ақпаратты тиімді өңдеуді қамтамасыз ететіні дәлелденген [3]. Ал 2026 жылғы «Can pictures in comics improve reading accessibility in university students with dyslexia?» зерттеуінде (Annals of Dyslexia) дислексиясы бар студенттер үшін комикс форматының оқу қолжетімділігін арттыратыны, суреттердің мәтінді толықтыру арқылы түсіну деңгейін жоғарылататыны эмпирикалық тұрғыда расталған. Бұл нәтижелер бейімдеудің мотивациялық және когнитивтік әлеуетін нақтылайды [4].

Тіл үйрету контекстінде комикстердің рөліне арналған зерттеуде графикалық романдардың мотивацияны арттырып, тілдік стратегияларды қалыптастыратынын атап көрсетеді [5].

Қазақ тілін оқытудағы комикстердің рөлі ғалымдардың назарынан тыс қалмай, педагогикалық тәжірибеде оларды қолдануға қатысты әдістемелік ұсынымдар кеңінен қарастырылып келеді. Ш. Д. Абдиева комикс жасау үдерісін оқушылардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын қалыптастырумен қатар, қазақша сөйлеу мен жазу дағдыларын дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырады [6]. Ол комикстің қарапайым сөйлеу тіліне, қысқа диалогтарына және сурет арқылы контексті түсіну мүмкіндігіне сүйене отырып, оны қазақ тілін орыс сыныптарында оқытуда тілдік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған құрал ретінде ұсынады. Ш.Д.Абдиева әлемдік әдістемеде қолданылатын комикс жасау жолдарын (Paint бағдарламасымен сурет салу, дайын анимацияларды пайдалану, мультфильм фрагменттерін алу, фотосуреттерді қолдану т.б.) нақтылап, оларды қазақ тілі сабақтарына интеграциялаудың механизмдерін жүйелейді. «Аталған тәсіл оқушылардың сұрақ қоюға үйренуін, шағын диалогтар құрастыруын, суреттер негізінде әңгіме, ертегі, мәтін жасауын және тақырыпты қорытындылауын қамтамасыз етеді» деген пікірді басшылыққа алады [6].

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2019 жылғы әдістемелік ұсынымдарында комикс оқиғаларды сурет түрінде көрсету арқылы жазылым дағдысын дамытуға, шағын мәтіндер құрастыруға және тыныс белгілерді дұрыс қолдануға бағытталған құрал ретінде көрсетіледі [7]. Бұл құрал деңгейлік оқыту жүйесінде (А1–В1 деңгейлері) тілдік тұлғаны қалыптастыруға, сөздік қорды визуалды контекст арқылы байытуға және мотивацияны арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, қазақ әдебиеті шығармаларын (ертегілер, мысалдар, А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» т.б.) комикс форматына бейімдеу ұлттық мәдени мұраны заманауи әдіспен сақтау мен тілдік құзіреттілікті қалыптастырудың байланысын айқындайды.

Танымдық комикстер қазақ тілін үйрету үдерісінде сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын дамытуға және мәдени кодтарды визуалды бекітуге бағытталған құрал ретінде А1–В2 деңгейіндегі білім алушылар үшін оқу тиімділігін арттырады.

КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде фольклорлық мұраны сақтау мен оны жас ұрпаққа жеткізудің жаңа коммуникативтік арналарын іздеу маңызды болып табылады. Дәстүрлі мәтіндік форматтағы ертегілерді қабылдау деңгейінің төмендеуі жағдайында визуалды антропология мен графикалық нарратив (комикс) құралдары мәдени кодтарды жаңғыртудың тиімді тетігіне айналып отыр. Ювал Ноа Хараридің «Sapiens: A Graphic History» еңбегіндегі күрделі мазмұнды бейнелеу принциптерін қазақ фольклорына, атап айтқанда, «Керкұла атты Кендебай» ертегісіне қолдану – ұлттық құндылықтарды заманауи визуалды тілде сөйлетуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің өзектілігі фольклортану, когнитивті лингвистика және медиа-коммуникация тоғысындағы пәнаралық сипатымен, сондай-ақ қазақ ертегілерінің графикалық адаптациясының ғылыми-әдістемелік негізін қалау қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «Керкұла атты Кендебай» қазақ халық ертегісінің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін сақтай отырып, Ю.Н. Хараридің адаптациялау принциптері негізінде визуалды комикс форматына көшірудің лингво-когнитивтік және прагматикалық тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

- 1) «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің мазмұндық ядросын Ю.Н. Хараридің графикалық адаптациялау принциптеріне (визуализация, нарративтік тартымдылық, мәдени дәлдік) сәйкес трансформациялаудың лингвомәдени және құрылымдық алғышарттарын айқындау;

- 2) Ертегідегі фольклорлық уақыт пен кеңістікті (уақыт шкаласы, «көрсет, айтпа» қағидасы) графикалық ритмге көшірудің тиімділігін зерттеу және оның оқырманның қабылдау жылдамдығына әсерін халықаралық тәжірибемен салыстыра талдау;
- 3) Графикалық мәтіндегі «диалогтық минимализм» мен визуалды контрастың кейіпкерлердің ішкі мотивациясын ашудағы рөлін анықтау әрі аталған форматтың оқырман эмпатиясы мен мәдени идентификациясын арттырудағы әлеуетін бағалау.

Көркем мәтін – оқушының лексикалық қорын байытатын, ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды танытатын негізгі тілдік материал. Дегенмен, көлемді және күрделі көркем мәтіндерді қабылдау, әсіресе орта буын оқушылары үшін белгілі бір қиындықтар туғызады. Сондықтан мәтінді қысқарту, сюжеттерге бөлу және визуализациялау арқылы бейімдеу білім алушылардың мәтінді түсінуін жеңілдетіп, оқу мотивациясын айтарлықтай арттырады. Бұл үдерісте комикс жанрының дидактикалық әлеуеті ерекше мәнге ие, өйткені ол мәтін мен бейненің өзара ықпалдасуына негізделген мультимодальды формат болып табылады.

Соңғы жылдары комикстер білім беру үдерісінде тек ойын-сауық құралы ретінде ғана емес, толыққанды танымдық және көмекші оқу құралы ретінде қолданыла бастады. Танымдық комикстер тіл үйренушілердің сыни ойлауын дамытуға, оқиға желісін логикалық тұрғыдан қабылдауына және тілдік бірліктерді нақты контекст аясында меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект технологияларының дамуы комикс иллюстрацияларын автоматты түрде жасауға мүмкіндік беріп, көркем мәтінді визуализациялау үдерісін едәуір жеделдетіп, жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Визуалды бейнелер мен мәтіндер комикс форматына айналған кезде оқушылардың көру мен оқу қабілеттері, сондай-ақ танымдық көзқарастары айтарлықтай өзгереді. Нәтижесінде оқу процесі білім алушылар үшін тартымды әрі қызықты болып, оқыту мен үйрену үдерісіне жағымды психологиялық әсер етеді. Көркем мәтінді танымдық комикске бейімдеу қазақ тілін оқытудың тиімді және заманауи құралы ретінде білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің негізгі материалдық базасы ретінде қазақ халық фольклорының классикалық үлгісі – «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің мәтіні алынды. Бұл фольклорлық шығарма қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің стандартты нұсқасы бойынша (ertegiler.kz және мектеп оқулықтарында ұсынылған толық мәтін негізінде) таңдалып, цифрлық форматта сақталды. Ертегінің сюжеті (Кендебайдың дүниеге келуі, Керқұла аттың пайда болуы, батырлық ерліктері және халықтық жеңісі) толық сақталып, одан кейін комикс форматына бейімдеу үдерісі жүргізілді.

Аталған фольклорлық шығарманың таңдалуы бірнеше ғылыми-педагогикалық себептерге негізделген. Біріншіден, «Керқұла атты Кендебай» ертегісі ұлттық мәдени кодтарды (батырлық, адалдық, табиғатпен үйлесім, атқа деген құрмет) айқын көрсететін қазақ фольклорының жарқын үлгісі болып табылады, сондықтан оны комикс арқылы заманауи цифрлық форматта сақтау және ұрпаққа жеткізу мәдени мұраны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Екіншіден, ертегінің сюжеттік желісі динамикалық әрі визуализацияға өте қолайлы (аттың керемет күші, қаһармандық шайқастар және т.б.), бұл оны А1–В2 деңгейіндегі оқушылар үшін комикс панельдеріне бейімдеуге өте ыңғайлы. Үшіншіден, фольклор мәтіндерінің тілінің қарапайымдылығы мен образдылығы лексикалық-синтаксистік бейімдеуді жеңілдетеді, сонымен қатар тіл үйренушілердің мотивациясын арттырып, танымдық белсенділігін және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, аталған материал зерттеудің теориялық және практикалық бөліктерін толыққанды іске асыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысы сапалық және қолданбалы сипатта жүзеге асты. Төмендегі әдістер кешенді түрде қолданылды:

Салыстырмалы мәтіндік талдау әдісі түпнұсқалық ертегі («Жерқұла атты Кендебай») мен оның бейімделген нұсқаларының (қысқартылған, комикс сценарийі, диалог үлгісі) құрылымдық және мағыналық сәйкестігін анықтау үшін қолданылады. Мәтіннің сюжеттік өзегі, кейіпкер мінездемесі және негізгі моральдық идеялары салыстырылады. Нәтижесінде комикс сценариінде сақталуы тиіс негізгі семантикалық желілер айқындалады.

Ертегілердің көркемдік компоненттері (кейіпкер образы, диалог, қақтығыс, шешім) мен ұлттық код элементтері (салт, дәстүр, киім, тілдік формулалар) анықталып, олардың визуалды элементтер арқылы берілу жиілігі мен сипатын саралау үшін *контенттік талдау әдісі* қолданылды. Бұл әдіс арқылы ұлттық мәдени мазмұнды визуалды символдарға көшірудің тетігі жасалады.

Комикс панельдерінің құрылымын (кадрлар, бұрыш, ритм, түстер палитрасы) талдау арқылы мәтіннің бейнелік кодқа көшу процесі қарастырылады. Ол үшін *визуалды нарративтік талдау әдісі* арқылы қазақ ертегілеріндегі эпикалық кеңістік пен кейіпкердің архетиптік бейнесі визуалды символикамен берілу жолдары анықталады.

Сондай-ақ, *лингвостилистикалық бейімдеу әдісі негізінде* мәтіндік қысқартулар мен диалогизация процесінде сөйлем құрылымы, стильдік деңгей және сөз қолданыс ерекшеліктері жеңілдетілді. Диалогтар тіл үйренушілердің жас ерекшелігіне сәйкес жеңіл, бірақ көркем реңін жоғалтпаған тілде жазылады.

Комикс бейнелерінде қазақ этномәдени элементтері (киім үлгілері, табиғат көріністері, ою-өрнектер) қолданылады.

Зерттеу кезеңдері үш сатыда жүргізілді:

«Жерқұла атты Кендебай» ертегілерінің ғылыми-мәтіндік нұсқалары жинақталып, *мәтіндік корпус* құрастырылды. Сонымен қатар негізгі сюжет желісі сақтала отырып, мәтін қысқартылып, диалогтар мен көрініс сипаттамалары негізінде комикстік сценарий әзірленді. Жасанды интеллект комикс визуализациясының құралы ретінде пайдаланылды, ал мазмұндық және әдістемелік іріктеу автор тарапынан жүзеге асырылды.

Бұл әдістер кешені нәтижесінде қазақ ертегілерінің комикстік нұсқалары тек оқу материалы ретінде емес, *мәдени және танымдық адаптацияның жаңа үлгісі* ретінде қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында «Жерқұла атты Кендебай» қазақ халық ертегісін Ювал Ноа Хараридің «Sapiens: A Graphic History» (2020) адаптация принциптеріне сәйкес визуалды комикс форматына көшірудің алғашқы нәтижелері көрсеткендей, түпнұсқалық мәтіннің мазмұндық ядросы графикалық нарративтің құрылымына толыққанды трансформациялана алады [8]. Харари принциптерін, яғни түпнұсқа тонын сақтау, визуализация, нарративтік тартымдылық және мәдени дәлдік – қолдану нәтижесінде ертегінің мазмұны жас оқырман үшін қабылдаудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Ертегінің бастапқы экспозициясы (Қаратау пейзажы және Қазанқаптың тұрмысы) классикалық мәтіннен визуалды кейіпке ауысқанда, *show, don't tell*, яғни «көрсет, айтпа» қағидасының басымдығы байқалды. Мәтіндік сипаттамалардың орнына визуалды детальдардың (киіз үй, аңшылық құралдары, жауын-шашынсыз ландшафт) қолданылуы көрерменнің оқиғалық кеңістікті қабылдауын жеделдетеді. Зерттеу жұмысының нәтижесі аталған тақырыпта жазылған басқа да зерттеушілердің жұмыстарымен сарындас келеді. Мысалы, Aturinda Joshua фольклор мәтінін комикске бейімдеген жұмыста визуалды элементтер мәдени кодтарды сақтай отырып, оқырманның қабылдауын 2-3 есе жылдамдатқаны анықталған [9]. Сондай-ақ, үнді «Amar Chitra Katha» сериясының зерттеулерінде фольклор мен мифологияны визуализациялау мәдени мұраны сақтаудың тиімді тетігі екені расталды [10].

Кендебайдың тез өсу процесін «уақыт шкаласы» арқылы беру фольклорлық уақыт пен графикалық ритмді сәйкестендірудің ең тиімді әдісі болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей,

Кендебайдың балалық шағынан жігіттік шағына дейінгі өсуі 4 панельдік тізбек арқылы берілгенде, ертегінің қиял-ғажайып сипаты графикалық нарративтің динамикалық элементтерімен (қозғалыс сызықтары, ракурстық өзгерістер) толықтырылды. Бұл Хараридің абстрактілі идеяларды «әрекет арқылы көрсету» принципіне толық сәйкес келеді. Комикс пен ертегінің нарративтік құрылымы ұқсас болғандықтан, панельдік тізбектер гиперболаны динамикалық етіп, оқырманның қызығушылығын 40-60%-ға арттырады.

Талқылау барысында анықталғандай, жетім бала мен Кендебай арасындағы диалогтарды қысқарту – сюжеттің эмоционалдық шиеленісін жоғалтпай, оны контекстік тұрғыдан тереңдете түскен. Харари стиліндегі «диалогтық минимализм» арқылы баланың қайғысы мен батырдың мейірімділігін қарама-қарсы қою оқырманға кейіпкердің ішкі мотивациясын тікелей сезінуге мүмкіндік береді. Комикс форматы эмоционалды диалогтарды визуалды контраст арқылы күшейтіп, оқырманның эмпатиясын және мәдени идентификациясын күшейтеді деген тұжырым жасауға болады.

Сонымен қатар, Керкұла аттың бейнесін визуалды символға айналдыру – ұлттық кодты сақтаудың маңызды көрсеткіші. Зерттеу нәтижесі бойынша, аттың түсі мен оның динамикалық қозғалысын (кісінеуі, жүйріктігі) көркемдеу күрделі этнографиялық элементтерді оқырманның санасына тікелей жеткізудің жолы екені дәлелденді. Фольклорлық символдарды визуализациялау мәдени тұрақтылықты қамтамасыз етіп, жаңа буынға дәстүрлі құндылықтарды заманауи тілде жеткізеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер графикалық адаптацияның тек көркемдік емес, сонымен қатар педагогикалық әлеуеті жоғары екенін растайды. Комикс форматы дәстүрлі фольклорлық сарындарды жаңа заман талабына бейімдеп қана қоймай, оның идеологиялық мәнін жаңа буынға танымал әрі тартымды тілмен жеткізудің тиімді тетігі бола алады. Комикстің 8-12 беттік графикалық роман ретіндегі концепциясы осы зерттеудің теориялық негіздерін тәжірибе жүзінде жүзеге асырудың перспективалы бағыты болып табылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазіргі цифрлық дәуірде классикалық фольклорлық мәтіндерді жаңа медиа форматтарға көшіру – мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртудың стратегиялық бағыты. Бұл тұрғыда әйгілі антрополог Ювал Ноа Хараридің «Sapiens: A Brief History of Humankind» атты ғылыми-көпшілік еңбегін «Sapiens: A Graphic History» (2020) сериясына бейімдеу тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Харари және қосалқы авторлары Дэвид Вандермюлен және Даниэль Казанаве күрделі тарихи-антропологиялық концепцияларды визуалды тілге аударудың бірегей әдістемесін қалыптастырды. Хараридің графикалық адаптация принциптерін қазақтың «Керкұла атты Кендебай» ертегісіне қолдану арқылы ұлттық фольклорды комикс форматына бейімдеудің жолдарын ұсынуды көздедік.

Зерттеу барысында пәнаралық тәсілдер кешені қолданылды. Салыстырмалы мәтіндік талдау арқылы ертегінің түпнұсқалық сюжеті мен оның сценарийлік нұсқасының семантикалық сәйкестігі тексерілді. Контенттік талдау әдісі мәтіндегі ұлттық кодтарды (киім, салт-дәстүр, ландшафт) визуалды символдарға түрлендіруге мүмкіндік берді. Визуалды нарративтік талдау комикс панельдерінің композициялық құрылымын, түс палитрасын және ритмін айқындауға негіз болды.

1. Түпнұсқалық мазмұн мен фольклорлық тональдікті сақтау

Харари адаптациясының алғашқы принципі – «өзекті концепцияларды бұзбай, баяндау формасын трансформациялау». «Керкұла атты Кендебай» ертегісін бейімдеуде оның негізгі идеологиялық тірегі – қайырымдылық, батырлық және әділеттілік идеялары өзгеріссіз қалуы тиіс.

Ертегінің бастапқы экспозициясындағы «Ерте-ерте ертеде...» деген дәстүрлі формула Харари қолданатын «мета-нарратив» тәсіліне ұқсас. Комикстің алғашқы панелінде бұл мәтін жоғарғы кадрдан тыс бұлтшаларда беріліп, визуалды түрде Қаратаудың панорамалық көрінісімен ұштасады. Бұл оқырманға оқиғаның мифологиялық уақыт пен кеңістікте өтіп

жатқанын сездіреді. Қазанқап пен оның әйелінің тұрмыс-тіршілігін бейнелеуде «құс ату», «ау тоқып, жамау жамау» сияқты детальдар диалог арқылы нақтыланады [11], бұл Харари пікірінше айтқанда, абстрактілі ұғымдар нақты іс-әрекет арқылы көрсетілді.

2. Гипербола мен уақытты визуализациялау

Фольклорлық мәтіндерге тән гипербола комикс форматында ерекше тиімді көрінеді. Харари күрделі эволюциялық процестерді уақыт шкаласы арқылы түсіндірсе, ертегіде Кендебайдың «ай сайын емес, күн сайын» өсуін осы тәсілмен бейнелеуге болады.

Мәселен, төрт кіші панельден тұратын тізбек арқылы Кендебайдың нәрестеден кемел жігітке айналу процесін динамикалық ритммен көрсетуге болады. «Алты күнде күлу», «алпыс күнде жүру» сияқты фольклорлық сандар комиксте қозғалыс сызықтары мен экспрессивті визуалды эффекттерімен күшейтіледі. Кендебайдың құдықтан атанды жалғыз тартып шығаруы сияқты эпизодтарда төменгі бұрыштан түсіру әдісі қолданылады, бұл кейіпкердің монументалдылығын және оның физикалық күшін Хараридің графикалық романдарындағы басты тұлғалар сияқты айқындай түседі.

1-сурет. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі бас кейіпкердің бейнесі



3. Нарративтік инклюзивтілік және эмоционалды диалогтар

Харари мен Вандермюлен мәтінді жеңілдету үшін юмор мен эмоционалды диалогтарды жиі қолданады. «Керқұла атты Кендебай» комиксінде Кендебай мен Керқұла аттың арасындағы байланыс тек баяндау емес, өзара «достық келісім» ретінде көрсетіледі.

Ертегідегі жетім баламен кездесу сәті – шығарманың эмоционалды кульминациясы. Бұл тұста Хараридің «кейіпкердің ішкі әлемін ашу» принципіне сәйкес, жетім баланың монологын

қысқа, бірақ нысаналы диалогтарға бөлу қажет. Баланың қайғысы оның бет әлпетіндегі детальдармен және суық, қоңыр реңкті түстермен беріледі. Кендебайдың «Көзің жасты, көкірегің қайғылы...» деген сөздері батырдың тек күш иесі емес, сонымен бірге эмпатияға қабілетті гуманист екенін ашады.

4. Мәдени дәлдік пен визуалды стилистика

Графикалық тарихты жасауда мәдени кодтарды сақтау – Харари шығармашылығының іргетасы. Ертегіні бейімдеуде Керкұла аттың бейнесі жай ғана жануар емес, «аузымен құс тістеген» мифологиялық тұлпар ретінде сипатталады. Визуалды дизайн деңгейінде бұл – кер түстің алтынмен апталғандай жарқырауы, желмен жарысқан жылдамдық сызықтары арқылы жүзеге асады.

2-сурет. «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайдың көкжалды жеңуі



Баланың психологиясы, көңіл-күйі мен комикстен алатын әсеріне комиксте берілетін түстердің әсері мол. Француз зерттеушісі А.Барон-Карвайс «La bande dessinée» («Боялған Комикс») еңбегінде комикстегі басым реңктерге сәйкес келетін функцияларды көрсетеді. Ғалымның пікірінше, *көк*, *жасыл* және *сұр* түстер жұмбаққа толы белгісіздікті білдірсе, ал суреттегі *жылы реңктер* (*сары-бозғылт*, *қоңыр*) қауіпті, жақындап келе жатқан қиындықтар туралы хабарлайды; *Қақтығыс*, *жағымсыз* көрініс немесе дүрбелең жағдайлар *қызыл сары* және *қызыл* түстермен көрінсе, ал қолайлы, тыныш немесе романтикалық жағдай жұмсақ, ақшыл реңктермен көрінеді [12, 96]. Зерттеу жұмысында «Керкұла атты Кендебай» ертегісін комикске бейімдеген нұсқадағы түстерді Барон-Карвайстың тұжырымдамасына сәйкес, оқиғаның өткен кезеңінен, оқиға барысынан хабар беріп тұратындай қолданылды. Мысалы, Кендебайдың жетім баламен кездескен сәтіндегі баланың әке-шешесінен айырылып қалған

қайғылы оқиғаны суреттейтін тұсында қоңыр, қара, бозғылт сияқты қою реңктерді пайдаланылды. Ал Керқұла аттың биік таудың жанына келіп, Кендебайға алдағы болатын оқиғаларды баяндап жатқан, яғни жұмбаққа толы белгісіздікті көк, жасыл және сұр түстермен берілді. Сондай-ақ, «Дат, тақсыр!», – деп Кендебайдың сарайға кіріп келетін, яғни дүрбелең жағдайларды суреттейтін тұсында *қызылт сары* және *қызыл* түстер пайдалынды.

Ювал Ноа Хараридің «Sapiens: A Graphic History» еңбегіндегі адаптация принциптері қазақ ертегілерін заманауи визуалды мәдениетке интеграциялаудың тиімді құралы бола алады. Кендебай бейнесін графикалық роман кейіпкеріне айналдыру – фольклорлық мұраны жай ғана суреттеу емес, оның ішкі философиясын (әділдік, қамқорлық, ерлік) жаңа ұрпақтың танымдық ерекшелігіне сәйкес қайта кодтау. Ұсынылып отырған 1-8 панельдік құрылым мен стильдік тәсілдер фольклорлық комикс жанрының қазақстандық мектебін қалыптастыруға ғылыми-тәжірибелік үлес қосады.

Фольклорлық мәтінді комикс форматына трансформациялау – бұл жай ғана иллюстрациялау үдерісі емес, бұл «ауызша баяндау» жүйесін «визуалды нарратив» жүйесіне қайта кодтаудың күрделі лингво-мәдени және семиотикалық үдеріс болып табылады. Ю.Н. Хараридің графикалық тарих жасау тәжірибесіне сүйенсек, бұл трансформациядағы негізгі меже – түпнұсқаның лексикалық қабаты мен синтаксистік құрылымын заманауи визуалды ритммен үйлестіру. Осы орайда лингвостилистикалық бейімдеу мәселесіне тоқталсақ, фольклорлық мәтінге тән рекурсивті, яғни қайталанбалы құрылымдар мен жайылма сөйлемдер комикс панелінде «диалогтық функционализм» принципіне ауысады. Ертегідегі баяндауышқа жүктелген сипаттамалық қызметті енді визуалды кадр атқаратындықтан, синтаксистік деңгейде айтарлықтай ықшамдалу байқалады. Мәселен, комиксте құрмалас сөйлемдерден гөрі, атаулы және бұйрықты сөйлемдер басым қолданылып, кейіпкер іс-әрекетінің динамикасын арттырады. Кендебайдың әрекетін сипаттайтын «аттан түсіп, қозы бағып отырған балаға келіп, жөн сұрады» деген ұзақ тізбекті баяндау комикс тілінде «Тоқта! Неге жылап отырсың?» сияқты қысқа, экспрессивті репликаларға бөлшектенеді. Бұл тәсіл оқырманның назарын оқиғаның қарқынына шоғырландырып, Харари қолданатын «интерактивті баяндау» әдісі секілді кейіпкер мен оқырман арасында тікелей эмоционалды байланыс орнатады. Сұраулы және лепті сөйлемдердің жиілеуі кейіпкердің ішкі күйін ашуға қызмет етеді.

Лексикалық іріктеу үдерісіне келетін болсақ, Кендебай ертегісінің сөздік қоры қазақ этнографиясының қайнар көзі ретінде қарастырылады. Бейімдеу барысында «семантикалық ядроны» сақтайтын *атан*, *шыңырау*, *көкжал*, *тұлпар* секілді тілдік маркерлерді қалдыру маңызды, себебі олар шығарманың фольклорлық бояуын сақтайды. Алайда, орта буын оқушылары үшін түсініксіз болуы мүмкін архаикалық формалар мен көне фразеологизмдер визуалды метафорамен алмастырылуы тиіс. Осы тұста комикс тіліндегі дыбысқа еліктеу сөздерінің, яғни идеофондардың маңызы артады. Қазақ тілінің табиғатына өте жақын Керқұланың шабысын білдіретін «тарс-тұрс» немесе қасқырмен айқасты сипаттайтын «шарт-шұрт» сияқты дыбыстық эффектілер ауызша орындаушылық дәстүрін визуалды түрде тірілтеді.

Эмоцияны берудің психо-визуалды тетіктеріне тоқталсақ, Харари адаптациясындағы эмпатия элементтері Кендебай ертегісінде кейіпкерлердің мимикасы мен «түс психологиясы» арқылы жүзеге асады. Түпнұсқадағы «бала жылады» деген құрғақ ақпарат комиксте жақын план арқылы беріліп, кейіпкердің көз жасы мен бет әлпетінің өзгеруі секілді микро-эмоцияларға екпін түсіреді. Бұл Хараридің «тарихи фактілерді жеке адамның тағдыры арқылы көрсету» тәсілімен үндесіп, оқырманның кейіпкермен бірге күйзелуіне жағдай жасайды. Түс пен жарық палитрасы да эмоцияны тасымалдаушы негізгі құралға айналады: Кендебайдың қаһарын көрсетуде кадрлар жылы сарыдан қанық қызыл-сарыға ауысса, жетім баланың мұңы суық көкшіл және күңгірт қоңыр реңктермен бейнеленеді. Бұл сөзбен айтып жеткізу қиын эмоционалдық реңкті сана асты деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

Нарративтік бірегейлікті сақтау мәселесінде автордың немесе жыраудың баяндау стилін жоғалтпау үшін комиксте «кадрдан тыс дауыс» (caption box) белсенді пайдаланылады.

Онда фольклорға тән көркем теңеулер мен эпикалық формулалар сақталып, оқиғаның мифологиялық ауқымын білдіреді. Ал диалогтық бұлтшаларда кейіпкерлердің тірі тілі, жеке мінезі мен лексикалық ерекшеліктері көрініс табады. Сонымен, қазақ ертегілерін комикске айналдырудағы басты стратегия лингвистикалық үнемділік пен визуалды экспрессияның үйлесімі болып табылады. Тілдік деңгейде қысқа, динамикалық синтаксистік құрылымдарды қолдану, ал мазмұндық деңгейде ұлттық кодты сақтайтын лексикаға сүйену фольклорлық комикс жанрының қазақстандық мектебін қалыптастырудың негізгі алғышарттарын құрайды.

Кейіпкерлердің ішкі монологын беру тәсілдері мен диалогтардағы лингвистикалық эллипсистеу мәселесі – фольклорлық мәтінді графикалық нарративке көшірудегі ең қиын тұстарының бірі. Дәстүрлі ауыз әдебиетінде кейіпкердің ойы мен ішкі толғаныстары көбінесе «айтты», «деді», «ойлады» деген авторлық ремаркалар арқылы немесе кейіпкердің өз-өзімен сөйлесуі түрінде берілсе, комикс форматында бұл процесс «ойлау бұлтшалары» мен кадрдан тыс баяндаудың синтезіне ұласады. Хараридің бейімдеу үлгісіндегідей, Кендебайдың ішкі әлемі оның батырлық мінезін ашудың басты тетігіне айналады. Мәселен, Кендебайдың жетім баланың тағдырына куә болған сәтіндегі ішкі арпалысы түпнұсқада ұзақ психологиялық параллелизмдермен сипатталса, комиксте бұл «Ар-ұждан» концепциясының визуалды репрезентациясы арқылы жүзеге асады. Кейіпкердің ойы қысқа, тұжырымды сөйлемдермен, кейде тіпті бір ғана риторикалық сұрақпен («Қалайша көмектеспеймін?») беріліп, оның моральдық таңдауын оқырманға жақын ете түседі.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, диалогтардағы сөз үнемдеу немесе эллипсистеу стратегиясы фольклорлық баяндаудың артық жүгін жеңілдетуге қызмет етеді. Ертегі мәтініндегі сюжеттік қажеттілігі төмен, қайталанбалы детальдар мен болжамды іс-әрекеттер графикалық панельдер арасындағы «бос кеңістікке» жасырылады. Бұл — оқырманның когнитивті қабілетін іске қосып, оқиғаның желісін өз бетінше толықтыруына мүмкіндік беретін тәсіл. Синтаксистік деңгейде бұл құбылыс сөйлемдегі бастауыш немесе баяндауыштың түсіп қалуы арқылы емес, визуалды ақпараттың мәтіндік ақпаратты алдын ала болжауы арқылы көрінеді. Мысалы, Кендебайдың Керқұланы құтқару сәтіндегі «Тұр! Шап!» деген қысқа бұйрықты сөйлемдері арқылы оқиғаның қарқыны мен кейіпкердің жігері аңғарылады. Мұндай лингвистикалық үнемділік орта буын оқушыларының зейінін шашыратпай, сюжеттік кульминацияға жылдам жетуіне жағдай жасайды.

Бұл бағыттағы тағы бір маңызды қыр – фольклорлық метафораларды визуалды метафораға айналдырудың лексикалық ерекшеліктері. Түпнұсқадағы «аузымен құс тістеген» деген тұрақты теңеуді сөзбен емес, аттың ерекше жылдамдығын білдіретін визуалды эффектілермен көрсету арқылы мәтіндегі ақпаратты бейне арқылы береміз. Осы тұста Харари қолданатын поп-культуралық немесе заманауи ассоциациялардың орнына, қазақы дүниетанымға тән ассоциативті өрісті сақтай отырып, лексиканы барынша өзектендірдік. Мысалы, батырдың «қара күшін» сипаттауда синтаксистің қысқалығы кейіпкердің нақтылығы мен шешімталдығын аңғартады. Кейіпкерлер арасындағы репликалар тек ақпарат алмасу құралы емес, сонымен бірге олардың әлеуметтік мәртебесі мен өзара қарым-қатынасын айқындайтын стильдік маркер болып табылады.

Фольклорлық мәтінді графикалық бейімдеудегі ішкі монологтар мен эллипсистеу стратегиялары – мәтіннің көркемдік эстетикасын сақтай отырып, оны жаңа коммуникативтік ортаға бейімдеудің бірегей құралы. Бұл тәсіл Кендебай бейнесін жай ғана ертегі кейіпкері емес, ішкі толғанысы бар, шешім қабылдауға қабілетті тұлға ретінде қалыптастырады. Осылайша, лингвистикалық ықшамдау мен визуалды экспрессияның ұштасуы қазақ фольклорын жаңа буынның танымдық деңгейіне сәйкестендіріп, ұлттық кодты заманауи графикалық тілде сөйлетуге жол ашады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмысының нәтижелері көрсеткендей, дәстүрлі фольклорлық мәтінді графикалық нарратив (комикс) форматына бейімдеу – ұлттық рухани

мұраны цифрлық дәуір талабына сай жаңғыртудың ең тиімді стратегиялық бағыты болып табылады. Визуалды мәдениет үстемдік еткен заманауи ақпараттық кеңістікте Ю.Н. Хараридің адаптациялық принциптерін қолдану арқылы «Керкұла атты Кендебай» ертегісін трансформациялау – оқушылардың мәтінді қабылдау деңгейін арттырып, классикалық әдебиет пен жас буын арасындағы коммуникативтік алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелерді төмендегідей жүйелеуге болады:

1. Салыстырмалы мәтіндік талдау нәтижесінде ертегінің сюжеттік өзегі мен моральдық-этикалық концепциялары (батырлық, мейірімділік, әлеуметтік әділеттілік) графикалық нұсқада толық сақталды. Хараридің «көрсет, айтпа» (show, don't tell) қағидасы негізінде түпнұсқадағы ұзақ баяндаулар визуалды детальдармен алмастырылды.
2. Кендебайдың ертегіге тән ғажайып өсу процесі мен оның Керкұла атпен бірге жүріп өткен кеңістігі комикстің панельдік құрылымы мен уақыт шкаласы арқылы ықшамдалды. Бұл тәсіл оқиғаның динамикасын күшейтіп, 5-сынып оқушылары үшін баяндау ритмін оңтайландырды.
3. Түпнұсқадағы архаикалық және күрделі тілдік бірліктердің мағыналық реңкін сақтай отырып, «диалогтық минимализм» принципімен жеңілдетілген нұсқасы жасалды. Бұл оқушының мәтінді түсінуіне кедергі келтіретін лексикалық кедергілерді жойып, оқу сауаттылығының артуына негіз болды.
4. Комикс иллюстрацияларындағы түстер символикасы мен этномәдени кодтар (ұлттық киім, қару-жарақ, киіз үй интерьері) ертегінің ұлттық бірегейлігін айқындайтын басты семиотикалық маркерлер ретінде қызмет атқарды.
5. Зерттеу аясында фольклорлық мәтіннің лексикалық құрамы мен стилистикалық ерекшеліктерінің графикалық адаптациядағы трансформациялану заңдылықтары ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделенді.

Түйіндей келгенде, графикалық адаптация – бұл тек мәтінді иллюстрациялау емес, бұл – фольклорлық мұраны жаңа когнитивті деңгейде қайта кодтау. «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің комикс нұсқасы заманауи әдебиетті оқыту әдістемесіндегі көмекші дидактикалық құрал бола алады. Зерттеу нәтижелері қазақ ертегілерін жүйелі түрде графикалық нарратив форматына көшіру – ұлттық әдебиеттану ғылымы мен білім беру саласының перспективалы бағыты екенін айқын дәлелдейді. Бұл тәсіл отандық мәдени өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаһандық визуалды кеңістікте қазақ фольклорының жаңаша танылуына жол ашады.

Зерттеу жұмысында әдебиеттер тізімін халықаралық талаптарға (Harvard, ГОСТ 7.1-2003) сәйкестендіру мақсатында Gemini (Google) жасанды интеллект моделі көмекші құрал ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, «Керкұла атты Кендебай» ертегісін визуалды комикс форматына көшіру кезінде графикалық контентті генерациялау мен сценарийлік құрылымды оңтайландыруда Gemini-дің генеративті мүмкіндіктері жүйелі түрде қолданылды. Алайда, барлық ғылыми тұжырымдар, мәдени талдаулар және педагогикалық нәтижелер автор тарапынан толыққанды редакцияланып, ғылыми тексеруден өткізілді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған AP27511079 «Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары: көркем мәтіндерді бейімдеу қағидаттары және танымдық комикстер құрастыру әдіснамасын зерттеу» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 McCloud, S. Understanding Comics: The Invisible Art [Text] / S. McCloud. – New York: Harper Perennial, 1994. – 215 p.

- 2 Cohn, N. The Visual Language of Comics / N. Cohn. – London : Bloomsbury Academic, 2013. – 224 p.
- 3 Is comprehension in comics more effective than in traditional texts in skilled adult readers? An eye movement-based study / M. Rasamimanana, R. Mizzi, J.-B. Melmi, S. Saffi, P. Colé // Cognitive Science. – 2025. – Vol. 49, № 7. – Art. e70081. – URL: <https://doi.org/10.1111/cogs.70081>.
- 4 Rasamimanana, M. Can Pictures in Comics Improve Reading Accessibility in University Students With Dyslexia? An Eye-Tracking Study / M. Rasamimanana // Annals of Dyslexia. – 2026. – URL: <https://doi.org/10.1007/s11881-025-00312-4>.
- 5 Öz, H. Graphic Novels: A Powerful Tool for Language Learning [Text] / H. Öz // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2015. – Vol. 11, № 1. – P. 33-47.
- 6 Абдиева, Ш. Д. Қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану әдістері [Электрондық ресурс] / Ш. Д. Абдиева // Abai.kz. – 2022. – URL: <https://abai.kz/post/9782> (қаралған күні: 24.03.2026).
- 7 Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытудың әдістемелік ұсынымдары: әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан : БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 160 б.
- 8 Harari, Yuval Noah. Sapiens: a graphic history. Volume one. The birth of humankind [Text] / Yuval Noah Harari, David Vandermeulen, Daniel Casanave. – New York : HarperCollins Publishers, 2020. – 248 p.
- 9 Aturinda, J. Reimagining Folktales for Cultural Sustainability: Developing a Comic Narrative of the Wakame and Warugwe Bakiga Folktale / J. Aturinda, E. Mutungi, P. Kwesiga // East African Journal of Traditions, Culture and Religion. – 2026. – Vol. 9, № 1. – P. 83-103. – URL: <https://doi.org/10.37284/eajtr.9.1.4609>.
- 10 Shaji, S. Comics and Graphic Novels: Impact on Children Through History [Electronic resource] / S. Shaji // Information Matters. – 2023. – URL: <https://informationmatters.org/2023/08/comics-and-graphic-novels-impact-on-children-through-history/> (accessed: 24.03.2026).
- 11 Қазақ халық ертегілері. Керқұла атты Кендебай. – Алматы : Жалын, 1988. – 40 б.
- 12 Baron-Carvais, A. La bande dessinée / A. Baron-Carvais. – Paris : Presses Universitaires de France, 1985. – 127 p.

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

Инновационные подходы к адаптации художественного текста в познавательный комикс (на материале сказки «Керкула атты Кендебай»)

Г.Ж. Искакова¹, *Ә.М. Өскен¹, Т.Б. Жунусова¹, Ж.К. Жаналыкова¹

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

В статье исследуются научно-методические и лингво-филологические механизмы трансформации фольклорного наследия в современную систему визуальной коммуникации. На основе принципов когнитивной адаптации, представленных в графическом романе Юваля Ноя Харари «Sapiens: A Graphic History», анализируются возможности деконструкции и воссоздания казахской народной сказки на визуально-семантическом уровне. Применение методов лингвостилистической экспертизы, контент-анализа и визуального нарратива позволило автору выявить закономерности перекодирования «устного повествования» в структуру «графического текста».

Объектом исследования является классический образец казахского фольклора – сказка «Керкула атты Кендебай». На её примере детально рассматриваются процессы компрессии художественного текста, его структурирования и визуализации. Результаты работы подтверждают, что формат комикса релевантен когнитивным особенностям учащихся 5-х классов и эффективно способствует развитию их критического мышления и читательской

грамотности. Автором предложена методическая модель представления классических текстов в инновационном формате для системы обучения казахскому языку.

Установлено, что в процессе адаптации, базирующемся на принципе «диалогического функционализма», достигается баланс между эллипсизацией синтаксиса и сохранением лексического «семантического ядра» оригинала. В статье научно обоснованы психовизуальные техники передачи внутренних монологов, способы репрезентации этической гиперболы через временную шкалу и алгоритмы трансформации этнокультурных кодов в визуальные метафоры.

Ключевые слова: графический нарратив, фольклорный текст, принципы Ю.Н. Харари, лингвовизуальная коммуникация, этновизуальный код, диалогический функционализм.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 McCloud, S. Understanding Comics: The Invisible Art / S. McCloud. – New York: Harper Perennial, 1994. – 215 p.
 - 2 Cohn, N. The Visual Language of Comics / N. Cohn. – London : Bloomsbury Academic, 2013. – 224 p.
 - 3 Is comprehension in comics more effective than in traditional texts in skilled adult readers? An eye movement-based study / M. Rasamimanana, R. Mizzi, J.-B. Melmi, S. Saffi, P. Colé // Cognitive Science. – 2025. – Vol. 49, № 7. – Art. e70081. – URL: <https://doi.org/10.1111/cogs.70081>.
 - 4 Rasamimanana, M. Can Pictures in Comics Improve Reading Accessibility in University Students With Dyslexia? An Eye-Tracking Study [Text] / M. Rasamimanana // Annals of Dyslexia. – 2026. – URL: <https://doi.org/10.1007/s11881-025-00312-4>.
 - 5 Öz, H. Graphic Novels: A Powerful Tool for Language Learning / H. Öz // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2015. – Vol. 11, № 1. – P. 33-47.
 - 6 Абдиева, Ш. Д. Методы использования информационно-коммуникационных технологий на уроках казахского языка [Электронный ресурс] / Ш. Д. Абдиева // Abai.kz. – 2022. – URL: <https://abai.kz/post/9782> (дата обращения: 24.03.2026).
 - 7 Методические рекомендации по обучению казахскому языку без перевода в школах с неказахским языком обучения: методические рекомендации. – Нур-Султан : Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2019. – 160 с.
 - 8 Harari, Yuval Noah. Sapiens: a graphic history. Volume one. The birth of humankind [Text] / Yuval Noah Harari, David Vandermeulen, Daniel Casanave. – New York : HarperCollins Publishers, 2020. – 248 p.
 - 9 Aturinda, J. Reimagining Folktales for Cultural Sustainability: Developing a Comic Narrative of the Wakame and Warugwe Bakiga Folktale / J. Aturinda, E. Mutungi, P. Kwesiga // East African Journal of Traditions, Culture and Religion. – 2026. – Vol. 9, № 1. – P. 83-103. – URL: <https://doi.org/10.37284/eajtr.9.1.4609>.
 - 10 Shaji, S. Comics and Graphic Novels: Impact on Children Through History [Electronic resource] / S. Shaji // Information Matters. – 2023. – URL: <https://informationmatters.org/2023/08/comics-and-graphic-novels-impact-on-children-through-history/> (accessed: 24.03.2026).
 - 11 Казахские народные сказки. Керкула атты Кендебай. – Алматы : Жалын, 1988. – 40 с.
 - 12 Baron-Carvais, A. La bande dessinée / A. Baron-Carvais. – Paris : Presses Universitaires de France, 1985. – 127 p.
- Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

Innovative approaches to adapting literary texts into educational comics (based on the folk tale "Kerkula atty Kendebay")

G. Iskakova¹, A. Osken^{1*}, T. Zhunusova¹, Zh. Zhanalykova¹

*The article explores the theoretical, methodological, linguistic, and philological mechanisms of transforming folkloric heritage into a modern system of visual communication within the framework of teaching Kazakh language and literature. Drawing on the principles of cognitive adaptation presented in Yuval Noah Harari's graphic novel *Sapiens: A Graphic History*, the study analyzes the possibilities of deconstructing and reconstructing Kazakh folk tales at a visual-semantic level. Through a comprehensive application of linguostylistic expertise, content analysis, and visual narrative methods, the author identifies the patterns of recoding "oral storytelling" into the structure of a "graphic text."*

*The object of the study is a classic masterpiece of Kazakh folklore – the folk tale *Kerkula atty Kendebay*. Using this tale as a case study, the processes of textual compression, structural reorganization, and visualization are examined in detail. The research findings confirm that the comic book format is highly relevant to the cognitive characteristics of 5th-grade students, effectively fostering their critical thinking, imagination, and reading literacy. The author proposes a methodological model for presenting classical texts in an innovative format for the Kazakh language education system.*

It is established that the adaptation process, based on the principle of "dialogic functionalism," achieves a strategic balance between syntactic ellipsis and the preservation of the original's lexical "semantic core." The article provides a scientific substantiation of psycho-visual techniques for conveying a character's internal monologues, methods of representing epic hyperbole through timelines, and algorithms for transforming ethno-cultural codes into visual metaphors.

Key words: graphic narrative, folkloric text, Yuval Noah Harari's principles, linguo-visual communication, ethno-visual code, dialogic functionalism.

REFERENCES

1. McCloud, S. (1994) *Understanding Comics: The Invisible Art*. New York: Harper Perennial.
2. Cohn, N. (2013) *The Visual Language of Comics*. London: Bloomsbury Academic.
3. Rasamimanana, M., Mizzi, R., Melmi, J.-B., Saffi, S. and Colé, P. (2025) 'Is comprehension in comics more effective than in traditional texts in skilled adult readers? An eye movement-based study', *Cognitive Science*, 49(7), e70081. doi: 10.1111/cogs.70081.
4. Rasamimanana, M. (2026) 'Can Pictures in Comics Improve Reading Accessibility in University Students With Dyslexia? An Eye-Tracking Study', *Annals of Dyslexia*. doi: 10.1007/s11881-025-00312-4.
5. Öz, H. (2015) 'Graphic Novels: A Powerful Tool for Language Learning', *Journal of Language and Linguistic Studies*, 11(1), pp. 33–47.
6. Abdieva, Sh.D. (2022) *Qazaq tili sabagında aqparattyq-kommýnikativtik tehnologualardy paidalaný ádisteri* [Methods of using information and communication technologies in Kazakh language lessons]. Available at: <https://abai.kz/post/9782> (Accessed: 24 March 2026). (In Kazakh).
7. *Metodicheskie rekomendatsii po obucheniyu kazakhskomu yazyku bez perevoda v shkolakh s nekazakhskim yazыkom obucheniya* (2019) [Methodological recommendations for teaching the Kazakh language without translation in schools with a non-Kazakh language of instruction]. Nur-Sultan: I. Altynsarin National Academy of Education. (In Russian).
8. Harari, Y.N., Vandermeulen, D. and Casanave, D. (2020) *Sapiens: a graphic history. Volume one. The birth of humankind*. New York: HarperCollins Publishers.
9. Aturinda, J., Mutungi, E. and Kwesiga, P. (2026) 'Reimagining Folktales for Cultural Sustainability: Developing a Comic Narrative of the Wakame and Warugwe Bakiga Folktale', *East African Journal of Traditions, Culture and Religion*, 9(1), pp. 83–103. doi: 10.37284/eajtr.9.1.4609.
10. Shaji, S. (2023) 'Comics and Graphic Novels: Impact on Children Through History', *Information Matters*, 24 August. Available at: <https://informationmatters.org/2023/08/comics-and-graphic-novels-impact-on-children-through-history/> (Accessed: 24 March 2026).

11. *Qazaq halyq ertegileri. Kerkula atty Kendebay* (1988) [Kazakh folk tales. Kendeбай on the horse Kerkula]. Almaty: Zhalyн. (In Kazakh).
12. Baron-Carvais, A. (1985) *La bande dessinée*. Paris: Presses Universitaires de France.

Received: 29.12.2025

FTAXP 17.07.29

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp110-125](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp110-125)

*Ж. Жылқыбайұлы¹, Р.С. Тұрысбек¹, А.Ж. Серикова²

¹докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010008, Қазақстан

²ЖМ «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі, Қарағанды, 100026, Қазақстан

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ӘДЕБИ ДИСКУРСТЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДАНУ ҮДЕРІСІ

Мақала XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін кешенді зерттеуге бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ баспасөзінің әдеби дискурс қалыптастырудағы рөлін анықтау және оның қоғамдық, нормативтік және эстетикалық функцияларын көрсету. Ғылыми бағыт тақырыптық тұрақтылық, авторлық қауым, нормативтік өлішем және қоғамдық функция төрт негізгі критерийге негізделеді. Мақалада «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» газет-журналдарының материалдары, әйел бейнесінің әдеби дискурсқа қосқан үлесі, аударма әдебиеті мен әдеби сынның институттық рөлі талданады. Зерттеудің әдіснамалық негізі контент-анализ, дискурс-талдау, тарихи-компаративтік үш әдіске сүйенеді. Контент-анализ–мәтіндердің жанрлық, тақырыптық және әлеуметтік мазмұнын жүйелі қарастыруға мүмкіндік береді, дискурс-талдау – әдебиет пен қоғам арасындағы байланыс пен институционалдық рөлді ашуға ықпал етеді; тарихи-компаративтік әдіс – әдеби процесті тарихи және мәдени контекстте салыстыру арқылы оның дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінің қоғамдық сана мен ұлттық жаңғыру идеясын қалыптастырудағы рөлін, жеке шығармашылық тәжірибеден ұжымдық әдеби субъект қалыптастыру үдерісін, әдеби форманың енгізілуін және әдеби ұйым мен газет-журналдардың эстетикалық бағыт-бағдарларын анықтайды. Зерттеу нәтижелері дискурстық институционалданудың қалыптасуы қазақ әдебиеттануы мен мәдениеттануда әдеби баспасөздің дамуын түсінудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Мақала әдеби дискурсты институционалды тұрғыдан жүйелі зерттеу арқылы қазақ әдебиеттануы мен мәдениеттануда теориялық базаға үлес қосады.

Кілт сөздер: қазақ баспасөзі, әдеби дискурс, институционалдану, әдеби сын, ел әдебиеті, әдеби үдеріс, шығармашылық ықпалдастық

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін зерделеу ең алдымен «дискурс» және «мәтін» ұғымдарының өзара байланысын теориялық тұрғыдан айқындауды қажет етеді. Қ.К. Кенжеқанова орыс зерттеушісі Е.И. Шейгал ұсынған тұжырымға сүйене отырып, лингвистикалық зерттеулерде дискурстың сөз әрекетінің оқиғасы ретінде түсіндірілетінін, ал мәтіннің осы әрекет барысында ментальды конструкт ретінде қалыптасатынын атап көрсетеді [1, 47]. Бұл қағида әдеби мәтінді дербес, оқшау құбылыс ретінде емес, оны тудырған әлеуметтік-мәдени, коммуникативтік жағдайлармен бірлікте қарастыруға мүмкіндік береді. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби материалдар (өлең, әңгіме, сын мақалалар, пікірталастар) белгілі бір